

## **Әскери патриоттық тәрбие жұмыстары**

**Әскери патриоттық тәрбие-окушыларды әскери үлтжандылыққа тәрбиелеуді жақсарту және Алғашқы әскери дайындық, өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша білімдерін жетілдіру мақсатында «Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірмесі, жоспары тағайындалып, сыныптан тыс жұмыстары негізгі болып тағайындалды. Қазіргі таңда 9-10 сынып аралығында аптанын бесінші күні «Жас сарбаз» үйірмесімен жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде.**

№268 мектеп-лицейінің 9-10-11 сынып ер балаларымен шекара ардагерлерінің «Застава Тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Худояров Асан Беркинбекович кездесуге келді. Кездесу барысында ҚР ҰҚҚ Шекара қызметі ҰҚҚ Шекара академиясына, сондай-ак Ресей Федерациясы мен Түрік Республикасының әскери окуорындарына кандидаттарды іріктеуге байланысты толық мағлұматтар берді. №268 мектеп-лицей оқушылары көкейіндегі жүрген сұраптарын қойып, қажетті мағұлматтар алды.

**АӘжТД пәннің оқытушы-ұйымдастырушысы:      А.Утебаева**